

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
Қазақстан тарихы
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Көшпелілер киіз басып, кілем тоқу үшін пайдаланған шикізат:

- A) Сиыр терісі
- B) Ешкі жүні
- C) Жылқы терісі
- D) Қой жүні
- E) Түйе жүні

2. XVI ғасырдың бірінші ширегінде Қазақ хандығының ең жоғарғы қуаттылығын қамтамасыз еткен хан:

- A) Керей
- B) Жәнібек
- C) Бұрындық
- D) Қасым
- E) Мамаш

3. Жазба деректерде «қазақ» атауы белгіленіп, қолданылған кезең:

- A) XI ғ. екінші жартысы
- B) XII ғ. екінші жартысы
- C) XIII ғ. екінші жартысы
- D) XIV ғ. екінші жартысы
- E) XV ғ. екінші жартысы

4. Қазақ хандығының қалыптасуында негізгі рөл атқарған кейінгі ортағасырлық мемлекеттер:

- A) Үгедей ұлысы мен Қашғар хандығы
- B) Шайбан ұлысы мен Моғолстан
- C) Әмір Темір мемлекеті мен Ақ Орда
- D) Ақ Орда мен Моғолстан
- E) Әбілқайыр хандығы мен Алтын Орда

5. Қазақ хандығының алғаш негізі қаланған аймақ:

- A) Сырдария бойы
- B) Ұлытау тауы
- C) Жетісу жері
- D) Ертіс бойы
- E) Жайық бойы

6. Азамат соғысы жылдарында ақ гвардияшыларға қолдау көрсеткендер тізімінен қатені табыңыз:

- A) «Үш жүз» партиясы
- B) Кадеттер
- C) Эсерлер
- D) Шора-Ислами
- E) Меньшевиктер

7. 1917 жылы 21 қарашада «Қазақ» газетінде 10 бөлімнен тұратын бағдарлама жобасын жариялаған ұйым:

- A) «Түркістан федералистері» партиясы
- B) «Үш жүз» партиясы
- C) «Алаш» партиясы
- D) «РСДЖП»
- E) «Жас қазақ» ұйымы

8. 1917 жылдың күзінде «Қазақтың социалистік партиясы» («Үш жүз») деген атпен құрылған партияның жетекшісі:

- A) Ә. Бөкейханов
- B) К. Тоғысов
- C) М. Шоқаев
- D) Х. Ғаббасов
- E) Ә. Ермаков

9. Ақпан революциясынан кейін қос өкімет орнап, Түркістан өлкесіне Уақытша үкіметтің комиссары болып тағайындалған:

- A) Х. Досмұхамедов
- B) А. Байтұрсынов
- C) М. Тынышпаев
- D) Ә. Бөкейханов
- E) М. Шоқаев

10. Амангелді Иманов басқарған көтерілісшілердің штабы орналасқан аудан:

- A) Доғал-Үрпек
- B) Күйік
- C) Татыр
- D) Ақшыған
- E) Батпаққара

11. Амангелді Иманов бастаған көтерілісшілер мен жазалаушылар арасында негізгі шайқас өткен жерлер:

- A) Асы, Қарқара
- B) Доғал-Үрпек, Күйік
- C) Самсы, Қастек
- D) Нарынқол, Шарын
- E) Қорам, Лепсі

12. 1916 жылы 22 қазанда Торғай қаласын қоршауға алған Амангелді Иманов сарбаздарының саны:

- A) 15000
- B) 5500
- C) 2700
- D) 50000
- E) 70000

13. Қазақстанның, Орталық Азияның және ішінара Сібірдің 19 бен 43 жас аралығындағы «бұратана» ер азаматтарын майдандағы тыл жұмысына «Реквизициялау туралы» жарлық қабылданды:

- A) 1912 жыл 28 сәуір
- B) 1912 жыл 12 мамыр
- C) 1915 жыл 7 наурыз
- D) 1916 жыл 25 маусым
- E) 1914 жыл 9 қазан

14. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс қамтыды:

- A) Тек қана Қазақстанды
- B) Тек қана Жетісу мен Торғайды
- C) Орта Азия мен Қазақстанды
- D) Шыңжаң автономиялы округін
- E) Ресейдің шығысы мен Сібірді

15. 1857 жылы 9 қаңтарда Фитингоф әскерінен жеңілген Ж.Нұрмұхамедов өтіп кетті:

- A) Қытайға
- B) Хиуаға
- C) Иранға
- D) Ресейге
- E) Қоқанға

16. Қасым төре, Саржан, Есенгелді, Әлжан сұлтандар қаза тапты:

- A) Хиуа билеушілерінің қолынан
- B) Бұқар билеушілерінің қолынан
- C) Қырғыз билеушілерінің қолынан
- D) Қоқан билеушілерінің қолынан
- E) Ресей жазалау әскері қолынан

17. Кенесары сұлтан көтерілісіне қатысқан 80-нен астам сұлтан, билер мен старшындар қатысқан округ(-тер):

- A) Аягөз, Көкпекті, Ембі, Ырғыз, Николаев
- B) Құсмұрын, Көкшетау, Ақмола, Қарқаралы, Баянауыл
- C) Лепсі, Қаратал, Омбы, Тобыл, Верный
- D) Перовск, Қазалы, Қарқаралы, Омбы, Тобыл
- E) Аманқарағай, Верный, Орал, Зайсан, Көкпекті

18. 1837 жылы 15 қарашадағы Тастөбе шайқасының Исатай Тайманұлы жасағы үшін нәтижесі:

- A) Исатай Тайманов ауыр шайқаста қаза тапты
- B) Исатайдың жекпе-жекке шақыруын Қ.Бабажанұлы қабыл алмады
- C) Исатай жасағы патша әскерін басымдықпен жеңіп шықты
- D) Жеңіліп шағын топтарға бөлінді, қозғау күші әлсіреді
- E) Көтерілісшілер ірі байлардың ауылдарын шапты

19. Татар және орыс тілдерін меңгеріп, Хиуа мен Орынборда тұрған, орыс этнографы В.И. Дальмен, оқымысты-жиһангез Г.С.Карелинмен таныс болған көтеріліс басшысы :

- A) Сырым Датұлы
- B) Исатай Тайманұлы
- C) Махамбет Өтемісұлы
- D) Кенесары Қасымұлы
- E) Амангелді Иманов

20. 1891-1892 жж. Ресей шаруалары Шығысқа қарай жолға шығып, Орал сыртына 30 мың, Жетісу мен Сырдария облыстарына 12 мың шаруа орналасуының себебі:

- A) Патшаның арнайы жарлығы
- B) Жердің меншікке өтуі
- C) Түркістан губернаторлығының құрылуы
- D) Еуропадағы құрғақшылық
- E) Таяу Шығыстағы соғыс

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.

2-БЛОК: Арнайы пән
**Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар негіздері (Философия,
мәдениеттану, әлеуметтану және саясаттану негіздері)**
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Қазақстанның Заң шығарушы органының палата саны

- A) 1
- B) 2
- C) 3
- D) 4
- E) 5

2. Алғашқы қауымдық құрылыс кезінде пайда болған бейнелеу өнерінің түрлері

- A) Графика, мүсін, кескіндеме, рельефтер тас пен сүйекке ою салу
- B) Графика, сәулет, кескіндеме, ағашқа салынған ою өрнек, керамика
- C) Графика, керамика, мозайка, тас пен сүйекке ою салу
- D) Графика, сәулет, рельефтер, кескіндеме, керамика
- E) Графика, керамика, мозайка, мүсін, сәулет

3. Философиядағы келісімділік ерекше қасиеттің мағынасы

- A) конвенционализм
- B) атеизм
- C) политеизм
- D) монизм
- E) материализм

4. Саяси ойдың негізін салушы, «Саясат» еңбегінің авторы

- A) Аристотель
- B) Цицерон
- C) Демокрит
- D) Платон
- E) Августин

5. Диалектикаға қарама-қарсы әдіс

- A) метафизика
- B) анализ
- C) индукция
- D) дедукция
- E) синтез

6. Адамзат болашағын болжаудың заңдылықтарын зерделейтін ғылым

- A) гедонизм
- B) футурология
- C) эвдомонизм
- D) экзистенциализм
- E) прагматизм

7. Қытай тарихшысы Сым Цяньның баға жетпес тарихи еңбегі

- A) «Минос мәдениеті»
- B) «Чарика самхита»
- C) «Яджурведа»
- D) «Тарихи жазбалар»
- E) «Араньяктар»

8. К. Ясперстің пікірі бойынша алғашқы өркениеттер пайда болған жерлер

- A) Греция, Рим, Қытайда
- B) Ніл, Қосөзен, Инд, Хуанхе аңғарлары
- C) Орта және Орталық Азия
- D) Египет пен Шумерде
- E) Үнді мен Қытайда

9. Мемлекеттердің және басқа халықаралық субъектілердің әлемдік сахынадағы іс-әрекетінің жиынтығы

- A) Әлемдік саясат
- B) Ішкі саясат
- C) Сыртқы
- D) Халықаралық
- E) Ұлттық

10. Карл Маркс екі жаңалық енгізген сала

- A) Құқық пен заң саласы
- B) Тарих пен құқық
- C) Нарықтық экономика
- D) Философия мен саяси экономика
- E) Мәдениет пен этика саласы

11. Қоғамды бейнелейтін жиынтық

- A) қоғамдық қатынастар
- B) ақпараттық қатынастар
- C) мәдени қатынастар
- D) әлеуметтік қатынастар
- E) рухани қатынастар

12. «Саясат – таптар арасындағы күрес» анықтамасын берген ғалым

- A) В.И.Ленин
- B) Т.Гоббс
- C) Н.Макиавелли
- D) Ф.Энгельс
- E) В.Путин

13. Халықты дүниеге «дұрыс көзқараспен» қарауға тәрбиелеуді өзінің негізгі мақсаты етіп қойған тұлға

- A) Ш.Уәлиханов
- B) Ы.Алтынсарин
- C) А.Құнанбаев
- D) Жүсіп Баласағұни
- E) Мұхаммед Хайдар Дулати

14. Антикалық сәулет өнерінің дорийлік стильдегі тамаша ескерткіші

- A) Кносс сарайы
- B) Прометей сарайы
- C) Парфенон сарайы
- D) Карфаген сарайы
- E) Колизей

15. Белгілі бір саяси тәуелсіздігі бар бірнеше мемлекеттердің бір одаққа бірігуі

- A) Конфедерация
- B) Автономия
- C) Федерация
- D) Унитарлы
- E) Конгломерат

16. Софокл мен Еврипидтің шығармаларын латын тіліне аударған Рим ақыны

- A) Гомер
- B) Полидор
- C) Эвклид
- D) Цицерон
- E) Ливий Андроник

17. Теріске шығарудың диалектикалық мағынасы

- A) сынау, терістеу, өңдеу ілгері бастыру
- B) жою, құртып жіберу
- C) жоққа шығару
- D) мойындамау, терістеу
- E) сақтап қалу, қорғау

18. В.И.Вернадскийдің жүзеге асырған концепция

- A) географиялық орта
- B) әлеуметтік дарвинизм
- C) әлеуметтік утопия
- D) ноосфера
- E) биосфера

19. Табиғат пен қоғам дамуының заңдылық сипатын білдіретін категория

- A) кездейсоқтық
- B) қажеттілік
- C) себеп
- D) жалпылық
- E) жекелік

20. Саяси көшбасшы дегеніміз:

- A) Саяси жұмысқа уақытын көп арнайтын индивид
- B) Саяси мәселеге белсенді қызығушы индивид
- C) Саяси тұлғаның жоғарғы түрін көрсететін индивид
- D) Саяси қызмет жұмысына толықтай байланысты индивид
- E) Мемлекеттік мекемелерде жұмыс істейтін индивид

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Қытайдың көне заманынан келе жатқан ұлттық философиялық ілімдері

- A) даосизм
- B) скептицизм
- C) догматизм
- D) конфуцийшілдік
- E) легизм
- F) эмпиризм
- G) будизм
- H) джайнизм

22. Ештеңе емес алдындағы үрей болмысын уақытта сана ретінде қарастыратын философиялық бағыт

- A) структурализм
- B) экзистенциализм
- C) герменевтика
- D) позитивизм
- E) өмір сүру
- F) материализм

23. «Философия» ұғымының грек тіліндегі терең мағынасы

- A) табиғатты сүю
- B) даналықты сүю
- C) ғылымды сүю
- D) өнерді сүю
- E) даналыққа күштарлық
- F) дінді сүю
- G) мәдениетті сүю
- H) адамды сүю

24. Ағартушы дүниетанымдық көзқарас ұстанған философтар

- A) Ш.Уалиханов
- B) Шәкәрім
- C) Абай
- D) Ә.Бөкейханов
- E) Ибн Сина
- F) Әль-Бируни
- G) М.Қашқари
- H) Ж.Баласағұн

25. XVIII ғасырда музыка өнері саласында тамаша туындылар шығарғандар

- A) Рохманин
- B) Бах
- C) Моцарт
- D) Шуберт
- E) Гете
- F) Шанин

26. О.Конттың таным табиғаты тарихының кезеңі

- A) диалектикалық
- B) позитивтік
- C) діни
- D) эстетикалық
- E) этикалық
- F) метафизикалық
- G) материалистік
- H) идеалистік

27. Саяси биліктің қызметіне кірмейді

- A) Қоғам мен мемлекеттік есептеу
- B) Әртүрлі деңгейдегі қоғам мен мемлекеттің істерін басқару
- C) Мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың қызметін есепке алу
- D) Саяси тәртіп пен мемлекеттік құрылысты
- E) Қоғамның саяси жүйесін қалыптастыру
- F) Саяси және басқа қатынастарды бақылау

28. Саяси мәдениеттің қалыптасуына ерекше рөл атқаратын ақпарат құралдары

- A) Теледидар
- B) Бизнес
- C) Діни ұйымдар
- D) Баспасөз
- E) Қоғамдық ұйымдар
- F) Радио

29. Рим империясының орталығы

- A) Флоренция
- B) Рим
- C) Константинополь
- D) Милан
- E) Верона
- F) Неаполь

30. Италияның даңқын асырған суретші-Джотто ди Бондоне

- A) София ғибадатханасын салды
- B) 1600 жылы «Гүлдер» алаңында отқа өртелді
- C) Италияны басқарды
- D) «Иуда ишараты» туындысын жазды
- E) «Флоренцияның ұлы азаматы» - деген абыройлы атаққа ие болды
- F) Папа үкіметіне қарсы шықты

Жазғаяттық тапсырмалар
1-жазғаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Біздің дәуірімізге дейін 580-500 жылдары өмір сүрген атақты ойшыл, ғалым, геометриядан көп жаңалық ашқан. Оның бір жолдасы: «Ғалым адам ғой, өмірге пайдалы кеңес сұрайын» деп келсе, Пифагордың айтқан кеңесі мынадай екен:

- 1) Таразыны елемей өтпе.
- 2) Жастыққа отырма.
- 3) Отты найзамен көсеме.
- 4) Қарлығашты шатырдың астына қондырма – деген екен.

Бұл не дегені деп тексере келсе:

- 1) Әділеттілікті бұзба.
- 2) Жетістікке мастанба.
- 3) Ызалы адамға тиіспе.
- 4) Аузы жеңіл адамды жаныңа жуытпа – деген екен.

31. Пифагор теоремасы ашқан ғылым саласы

- A) алгебра
- B) математика
- C) сызу
- D) геометрия
- E) физика

32. Философия тарихындағы алғашқы сан категориясын енгізген ұлы ғұлама философ

- A) Аристотель
- B) Платон
- C) Пифагор
- D) Эпикур
- E) Сократ

33. Дүниенің негізі сан -деп есептейтін Антик мектебін атаңыз

- A) Милет мектебі
- B) Киниктер мектебі
- C) Элеаттар мектебі
- D) Пифагоршылар мектебі
- E) Киренаиктер мектебі

34. Классикалық грек философиясына жататындар

- A) Демокрит, Левкипп, Зенон
- B) Сократ, Платон, Аристотель
- C) Парменид, Анаксимандр, Фалес
- D) Гераклит, Цицирон, Парменид
- E) Фалес, Клеанф, Зенон

35. «Барлық заттардың мәні – олардың санында, сандық қатынастарда» -бұл сөздерді айтқан

- A) Аристотель
- B) Пифагор
- C) Сократ
- D) Фалес
- E) Анаксимен

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Қытай философиясы

Қытай философиясына арқау болған, Қытай ойшылдарды толғандырған мәселе – елдің, халықтың хал-жағдайы. Конфуций де, Лао Цзы да, Чжуан Цзы да, Мо цзы да заманындағы ахуалға, қалыптасқан тіршілікке риза емес: қоғамның, халықтың жікке бөлінуі, патшалықтардың, адамдардың арасындағы араздық, өзімшілдік, адамдардың моралдық азып-тозуы орын алған кезең. Қытайлықтардың түсінігінде батыстағыдай дүниені жаратушы Құдай жоқ. Қытайлықтар көк аспанға табынады. Қытай мемлекетінің «Аспан астындағы ел» (Поднебесная - тянься) деп аталуы да сондықтан. Қытай философиясынан біздің көңіл бөлетін мектептеріміз - даосизм (Лао Цзы –Б.д.д. VIғ. дао-жол, сисол жолды таңдаған адам) және конфуцийшілдік (Кун-Фу-Цзы б.д.д.-551-479 ж.ж. - ұстаз Кунды батыста Конфуций деп атаған). Конфуций еліне де, әлемге де елдің тыныштығын, ынтымақты өмір сүруін, мемлекетте тәртіп болуын, үлкендер мен кішілердің, ұстаз бен шәкірттің, ата-ана мен баланың арасындағы сыйластық, түсіністік болуын, әркімнің дүниедегі орнын білуін насихаттаған ойшыл дана ретінде танымал.

36. Көне Қытай философиясында көк аспанды белгілейтін түсінік

- A) Ян
- B) Тянь
- C) Ин
- D) Дао
- E) Тэ

37. «Өзіңе жасалғанын қаламайтын қылықтарды сен де басқаларға жасама» деген

- A) Сократ
- B) Конфуций
- C) Платон
- D) Аристотель
- E) Демокрит

38. Көне Қытай философиясындағы көк аспан терминінің мағынасы

- A) тянь
- B) ян
- C) и
- D) дао
- E) тэ

39. Дао терминінің философиялық мағынасы

- A) Қытайдың даму бағыты туралы
- B) адамның саяси, адамгершілік дамуы туралы
- C) адамның мәдениеті туралы
- D) жол, заң туралы
- E) қоғамның даму жолы туралы

40. Жэнь мен Ли ұғымдары дамыған философия

- A) Қазақ философиясында
- B) Антик философиясында
- C) Ерте Қытай философиясында
- D) Ерте Үнді философиясында
- E) Араб философиясында

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.